«ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҰЛТТЫҚ ЭКОНОМИКА МИНИСТРЛІГІ ТАБИҒИ МОНОПОЛИЯЛАРДЫ РЕТТЕУ КОМИТЕТІНІҢ БАТЫС ҚАЗАҚСТАН ОБЛЫСЫ БОЙЫНША ДЕПАРТАМЕНТІ» РЕСПУБЛИКАЛЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК МЕКЕМЕСІ

РЕСПУБЛИКАНСКОЕ ГОСУДАРСТВЕННОЕ УЧРЕЖДЕНИЕ «ДЕПАРТАМЕНТ КОМИТЕТА ПО РЕГУЛИРОВАНИЮ ЕСТЕСТВЕННЫХ МОНОПОЛИЙ МИНИСТЕРСТВА НАЦИОНАЛЬНОЙ ЭКОНОМИКИ РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН ПО ЗАПАДНО - КАЗАХСТАНСКОЙ ОБЛАСТИ»

БҰЙРЫҚ **ПРИКАЗ**

01.07.2022 ж. № 39-НҚ
Орал қаласы

№
город Уральск

«Жолаушы» мемлекеттік коммуналдық кәсіпорнының суды таратушы желілер арқылы беру қызметіне тарифін және тарифтік сметасын бекіту туралы

«Табиғи монополиялар туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 6-бабының 2) - тармақшасына, 8-бабының 10) және 12) - тармақшаларына, 20-бабының 1-тармағының 4-тармақшасына Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің 2019 жылғы 19 қарашадағы №90-НҚ бұйрығымен бекітілген «Тарифтерді қалыптастыру қағидаларының 313,318,319,320-тармақтарына және Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігінің Табиғи монополияларды реттеу комитетінің 2019 жылғы 15 тамыздағы №1-НҚ бұйрығымен бекітілген «Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігі Табиғи монополияларды реттеу комитетінің Батыс Қазақстан облысы бойынша департаменті» республикалық мемлекеттік мекемесі туралы» Ережесіне сәйкес, **БҰЙЫРАМЫН**:

1. «Жолаушы» мемлекеттік коммуналдық кәсіпорнының суды таратушы желілер арқылы беру қызметіне тарифі 2022 жылдың 1 тамызынан 1м3 ҚҚС-сыз 331,01 теңге мөлшерінде бекітілсін, оның ішінде:

- тұрғындар үшін- 250,0 теңге;
- басқа тұтынушыларға-956,39 теңге.

2. Жолаушы» мемлекеттік коммуналдық кәсіпорнының суды таратушы желілер арқылы беру қызметіне тарифтік сметасы осы бұйрықтың қосымшасына сәйкес бекітілсін.

3. «Жолаушы» мемлекеттік коммуналдық кәсіпорнының суды таратушы желілер арқылы беру қызметіне тарифті салық заңнамасының өзгеруіне байланысты төмендету туралы» 2018 жылғы 28 ақпандағы №14 бұйрығының күші жойылсын.

3. Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігі Табиғи монополияларды реттеу комитетінің Батыс Қазақстан облысы бойынша департаментінің ұйымдастырушылық жұмыс бөлімі (А.А. Рахимова) осы бұйрықты «Жолаушы» мемлекеттік коммуналдық кәсіпорнының назарына жеткізсін.

4. «Жолаушы» мемлекеттік коммуналдық кәсіпорнына тарифтің бекітілгені туралы ақпаратты тариф күшіне енгізілгенге дейін кемінде күнтізбелік бес күннен кешіктірмей тұтынушылардың назарына жеткізсін.

000554

5. Осы бұйрықтың орындалуын бақылауды өзіме қалдырамын.

6. Осы бұйрық 2022 жылдың 1 тамызынан бастап қолданысқа енгізілетін осы бұйрықтың 1 және 2 тармағын қоспағанда, қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Басшының міндетін атқарушы **Г.Қазбекова**